

**«Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының өндірістік кеңесінің
хаттамасы №2**

04.12.2023 ж

Қатысқандар саны-11

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Орталықтың қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуі мен сақталуы.
3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту
4. Жаңа жыл мерекесіне дайындық

1. Тыңдалды өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына орталық менгерушісі тоқталды. Қызметкерлер ішкі еңбек тәртібі, лауазымдық міндеттеріне сай жұмыс істеп жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге орталық менгерушісі А.Сейтжан балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау нұсқаулығы бойынша тәрбиешілер мен көмекшілері толыққанды жұмыс істеп жатқанын, бөбекжайда тосын жағдай орын алмағанын айтып өтті.

Мейірбике орталықтың күзгі-қысқы мерзімге 10 күндік ас мәзірі жасалып, бекітіліп сол бойынша балалар тамағының дайындалып жатқанын, бала тамағының нормаға сәйкес дайындалуы талапқа сай екенін айтып өтті.

Орталық менгерушісі А.Сейтжан өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық деп қорытындылады.

2. Тыңдалды: Шарушылық менгерушісі «Орталықтың» қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуімен сақталуы» мәліметі. Орталық қыс мерзіміне дайын. Жылу жүйесіндегі ақаулар жөнделіп, мұржалар тексеруден өткізіліп пештер қысыммен тексерілді. . Барлық топ 20-22⁰ С қалыпты температура сақталуда екенін айтты.

Орталық менгерушісі жылу беру маусымына байланысты от жағушыларды, педагог және ішкі қызметкерлер арасында өрт және техника қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы нұсқаулықтармен таныстырыды.

3. Тыңдалды: Орталық менгерушісі қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту туралы мәліметімен таныстырыды. Барлық қызметкерлер дайындалған кестеге қанағаттанатындықтарын білдірді.

4. Тындалды: Жаңа жыл мерекесіне дайындық
Орталық жаңа жыл мерекесін өткізуде өрт қауіпсіздігінің қандай шаралары сақтау
керектігі жайлы орталық меңгерушісі сөз етті. Жылдың 20 желтоқсаннан бастап,
музыка залында өрт қауіпсіздік шаралары сақтай отырып жасалды, шырша
орнатылатынын айтты. Ата-аналарға топ жиналыстарында жазатайым оқиғалар
болдырмау мақсатында жадынамалар таныстырылды. Балалар жүретін жолдарда өрт
сөндіргіш құралдары жабдықталуын сөз етті. Жаңа жыл мерекесін өткізу үшін
қауіпсіздік пен тәртіп ережелеріне кезекшілік ұйымдастырылды. Медбикеге алғашқы
көмек көрсету қобдишаларын дайындалап қою керек екендіктерін ескертті.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
2. Орталықтың қысқы жылу мерзіміне дайындығы қанағаттанарлық
3. Қызметкерлердің демалыс кестесін бекітілсін.
4. Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік шаралар күшейтілсін.

Кеңес төраійымыз:

Хатшысы:



А. Сеитжан

З. Нарходжаева